2022 жылғы 11 тамызда сағат 10.00-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Астана қаласы Әділет департаментінің құқықты түсіндіру жұмысы және заңды қызметтерді көрсету бөлімінің басшысы М.А.Ногайбекованың және Астана қаласының жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Астана қаласы Әділет маманы А.Х.Бралинаның, Астана қаласының Нотариаттық палатасының төрайымы А.М.Айкешевтің қатысуымен жұмыс кеңесі өтті.

2022 жылғы 18 тамыздан 21 тамыз аралығында сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін «Әділет» медиация, құқық және психология орталығы» ЖМ «Медиация. Негізгі курс» бағдарламасы бойынша кәсіби медиаторларды дайындау бойынша тренингтер өтті.

Аталған бағдарлама осы тренингке қатысқан Астана қаласының жеке нотариустарына кәсіби медиатордың жаңа мамандығын игеруге; медиация рәсімінің артықшылықтары мен оны қолдану әдістері туралы білуге; дауларды реттеу саласындағы жаңа білімдерімен және дағдыларымен толықтыра отырып, өзінің кәсіби біліктілігін кеңейтуге; өзінің коммуникативтік қабілеттері мен келіссөздер жүргізу дағдыларын жақсартуға мүмкіндік берді (*дәріскер М.Жаскайрат Астана қаласының жеке нотариусы*).

2022 жылғы 18 тамызда сағат 10.00-де Астана қаласының Әділет департаменті «Аманат» партиясының қалалық филиалында әділет органдарының 30 жылдығына орай «Әділет кеңес береді» акциясы өткізілді. Аталған акцияға Астана қаласының ӘД атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету бөлімінің

басшысы Н.Б.Панбаев, Астана қаласының ӘД зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы А.М.Сибгатов, Сарыарқа ауданы аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы М.М.Есенқұлова, Астана қаласы ЖСО РП басшысының орынбасары С.Ә.Мадхан, Астана қаласының жеке нотариусы Д.У.Муқашева және адвокат А.Т.Аяфов қатысты. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықтық мәселелерді түсіндіру, сондай-ақ сот шешімін орындауды қоса алғанда, құқықтық көмек көрсету, оның ішінде сот шешімі орындалмаған кезде туындайтын шектеулер, мүлікке тыйым салу, борышкердің республикадан кетуіне уақытша шектеу қою мәселесі болып табылады.

2022 жылғы 15 қыркүйекте сағат 15.00-де келіп Қазақстан Республикасы БҒМ келіп түскен хатына сәйкес Астана қаласының Нотариаттық палатасымен және Астана қаласының Әділет департаментімен бірлесіп мемлекеттік тілде өткізілген «Жаңа жағдайдағы Қазақстан», «Заң және тіл» тақырыбында жұмыс кеңесі мемлекеттік тілде өткізілді (*дәріскерлер И.К.Елекеев – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері, қоғамдық кеңес мүшесі, Е.О.Алауханов – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, Б.Б. Сахариев – адвокат, қоғамдық кеңестің мүшесі, сот жүйесінің ардагері*).

2022 жылғы 24 қыркүйекте ZOOM бағдарламасы арқылы РНП жанындағы Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығы «Қарсы іс-қимыл. Заңдастыру. Табыс және қаржыландыру» тақырыбына онлайн вебинар өткізілді.

2022 жылғы 11-14 қазан аралығында сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы РНП жанындағы Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығы «Мұрагерлік құқықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері», «Шарттың ұғымы мен елеулі ережелері», «ҚКЗ/ТҚ саласындағы заңнамадағы соңғы өзгерістер мен ішкі бақылау қағидалары», «Атқарушылық жазба» тақырыбында онлайн вебинар өткізілді (*дәріскерлер: РНП атқарушы директоры, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Г.О. Рыспекова, Кудиярова У.Е. – з.ғ.к., Тукенов Д.Ш.- М.С.Нәрікбаев атындағы КазГЮУ Университеті» АҚ Жоғары құқық мектебінің доценті және ҚКЗ/ТҚ саласындағы маман*).

2022 жылғы 18-20 қазан аралығында сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы РНП жанындағы Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығы «Атқарушылық жазба: бірыңғай нотариаттық және сот практикасын қалыптастыру мәселелері», «Талап ету құқықтарын басқаға беру шарттары», «Алдын ала шарт және кепілақы», «Әр түрлі келісімдердің құқықтық табиғаты», «Құжаттарды апостильдеу және консулдық заңдастыру», «Аудармашының қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру. Нотариустың шетелде жасалған құжаттарды қабылдауы», «Жылжымайтын мүлікпен жасалған шарттар» бағдарламасы бойынша онлайн курстар өткізді. (*дәріскерлер: Астана қаласының нотариусы - Кенжегали С., заңтану магистрі, М.С.Нәрікбаев атындағы*

КазГЮУ Университеті» АҚ Жоғары құқық мектебінің аға оқытушысы - Бабаджанян Е.Л., Алматы қаласының нотариусы, заңтану магистрі - Макешева А.Б., Алматы қаласының нотариусы, заңтану магистрі - Такишева Г.О., Астана қаласының нотариусы, заңтану магистрі, М.С.Нәрікбаев атындағы КазГЮУ Университеті» АҚ Жоғары құқық мектебінің аға оқытушысы - Полумордвинов О.И.).

2022 жылғы 24 қазаннан 31 қазан аралығында сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы нотариустардың біліктілігін арттыру курсы бейнеконференция арқылы өткізілді, тақырыбы: «Азаматтық, жер заңнамасын қолданудың өзекті мәселелері. Халықаралық жеке құқық нормаларын қолдану. Халықаралық шарттар. Корпоративтік құқық». *(дәріскер - Испаев Е.Б.).*

2022 жылғы 26 қазаннан 02 қараша аралығында сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Нотариустардың біліктілігін арттыру курсы бейнеконференция арқылы өткізілді, тақырыбы: «Азаматтық, жер заңнамасын қолданудың өзекті мәселелері. Халықаралық жеке құқық нормаларын қолдану. Халықаралық шарттар. Корпоративтік құқық». *(дәріскер - Испаев Е.Б.).*

2022 жылғы 28 қазанда сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін ZOOM бағдарламасы арқылы «ҚКЗ/ТҚ туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар» тақырыбында онлайн вебинар өткізілді *(дәріскер З. Б. Серкешева).*

2022 жылғы 04 қарашада сағат 15.00 және 17.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы «Қалай судья болуға болады?» тақырыбына семинар өткізілді *(ұйымдастырушы Жоғарғы Сот Кеңесі).*

2022 жылғы 12 қарашада сағат 12.00-де Астана қаласының нотариустары «BINOM» мектебінде 10-11 сынып оқушыларына «Нотариат туралы» тақырыбында дәріс өткізді *(дәріскер нотариустар Ж. Мухамбетқызы, А.Ахметқызы).*

2022 жылғы 10 қарашада сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін ZOOM бағдарламасы арқылы «Атқарушылық жазбамен байланысты даулар бойынша сот практикасы» тақырыбында онлайн конференция өткізілді *(дәріскер Сизенцев С.В. Республикалық адвокаттар алқасының ғылыми-консультативтік кеңесінің төрағасы).*

2022 жылғы 14 қарашада сағат 15.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар» тақырыбында онлайн конференция өткізілді *(дәріскер З.Б.Серкешева, Алматы қаласының нотариусы).*

2022 жылғы 15 қарашада сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы «Атқарушылық жазба А-дан Я-ға дейін» тақырыбында онлайн конференция өткізілді *(дәріскер г. О. Такишева).*

2022 жылғы 16 қарашада сағат 10.00-де ZOOM бағдарламасы арқылы «Атқарушылық жазба: тиімді жағы және қиындығы» тақырыбында онлайн конференция өткізілді *(дәріскер г. О. Такишева).*

2022 жылғы 17 қарашада сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін ZOOM бағдарламасы арқылы «Атқарушылық жазба: дауларды соттан тыс реттеудің тиімді институты ретінде» тақырыбында онлайн конференция өткізілді (*дәріскер г. О. Такишева*).

2022 жылғы 29 қарашада сағат 16.0-ден 18.00-ге дейін ZOOM бағдарламасы арқылы «Шаруа қожалығын мұрагерлікке алу» тақырыбында онлайн вебинар өткізілді (*дәріскер Г.А. Абдирова – Алматы облысының нотариусы, осы палатаның басқарма мүшесі*).

2022 жылғы 8, 9 желтоқсанда сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (үзіліспен) дәріскер, заң ғылымдарының кандидаты, заңтану доценті, кәсіби медиатор, профессор М.Ж. Жасқайраттың қатысуымен «Нотариус қызметінің этикалық-психологиялық аспектілері» тақырыбында вебинар өтті.

2022 жылғы 21 желтоқсанның 23 желтоқсанға дейін ZOOM бағдарламасы арқылы РНП жанындағы Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығы «Атқарушылық жазба: бірыңғай нотариаттық және сот практикасын қалыптастыру мәселелері», «Талап ету құқықтарын басқаға беру шарттары», «Алдын ала шарт және кепілақы», «Әр түрлі келісімдердің құқықтық табиғаты», «Құжаттарды апостильдеу және консулдық заңдастыру», «Аудармашының қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландыру. Нотариустың шетелде жасалған құжаттарды қабылдауы», «Жылжымайтын мүлікпен жасалған шарттар» бағдарламасы бойынша онлайн курстар өткізді. (*дәріскерлер: Астана қаласының нотариусы - Кенжеғали С., заңтану магистрі, М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазГЮУ Университеті» АҚ Жоғары құқық мектебінің аға оқытушысы - Бабаджанян Е.Л., Алматы қаласының нотариусы, заңтану магистрі - Макешева А.Б., Алматы қаласының нотариусы, заңтану магистрі - Такишева Г.О., Алматы қаласының нотариусы, заңтану магистрі, М.С.Нәрікбаев атындағы ҚазГЮУ Университеті» АҚ Жоғары құқық мектебінің аға оқытушысы - Полумордвинов О.И.*). Сондай-ақ нотариаттық палатада аккредиттелген нотариустар бар, олар да тұрақты негізде семинарлар өткізеді (*Жугинисова С., Мухамбетқызы Ж., Жасқайрат М.Ж.*)

Палата тұрақты негізде Палата Төрағасының өзі және оның мүшелері жеке байланысының түрлі тәсілдері арқылы күнделікті консультациялар жүргізетіндігін атап өткен жөн. Сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізеді.

Палатаның сайтында «Сұрақ-жауап» айдары орналастырылған, онда азаматтар өздерін қызықтыратын сұрақ қоя алады және оған қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес толық жауап ала алады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласының Нотариаттық палатасы нотариустар үшін біліктілікті арттыру бойынша 53-тен астам іс-шара ұйымдастырып, өткізді. Семинарлардың кейбір тақырыптары өзекті болғандықтан, палата мүшелері оларды қайта тыңдауға ниет білдіретіндігін атап өткен жөн. Сонымен қатар, қала нотариустары РНП өткізген түрлі курстардың, семинарлардың, вебинарлардың және т.б. тыңдаушылары болып табылды.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Астана қаласы нотариустарының (767 нотариустың) жалпы санынан 675 нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асырады:

- 671 нотариус - 5, 6 және одан жоғары балл жинады;
- 3 нотариуса – 4 балл жинады;
- 1 нотариус – ең төмен 0 балл жинады.

Астана қаласы нотариустарының командасы қатысқан Нотариаттың 25 жылдығына арналған спорттық іс-шаралар және басқа да іс-шаралар туралы ақпарат.

2022 жылғы 17 қыркүйекте Астана қаласының Әділет департаменті әділет органдарының 30 жылдығын мерекелеу құрметіне өткізген спорттық іс-шараға Астана қаласы нотариустарының командалары келесі спорт түрлеріне қатысты: футбол, волейбол, үстел теннисі. Әйелдер арасында үстел теннисінен 1 орынды Астана қаласының нотариусы – Садвакасова Акманат Абаевна иеленді.

2022 жылдың 1-4 шілдесі аралығында Ақмола облысының Зеренді кентінде өткен Қазақстан Республикасы нотариустарының IV спартакиадасына Астана қаласы нотариустарының командасы қатысты.

Астана қаласының Нотариаттық палатасы төрешілер ұпай жиынтығы бойынша жарыстың әр түрінде және жалпы командалық есепте жеңімпаздарды жеке анықтады. Ұйымдастырушылар барлық жеңімпаздарды салтанатты түрде құрмет грамоталарымен, медальдармен және кубоктармен марапаттады. Мұндай іс-шараларды өткізу күштің, төзімділіктің, жылдамдықтың, батылдықтың, жеңіске деген ерік-жігердің дамуына ықпал етеді, ұжымшылдық, пен жауапкершілік сезімдерін тәрбиелейді.

Астана қаласының нотариустар командасы 1-ші жалпы командалық орынды жеңіп алып, кубок және грамотамен марапатталды.

Барлығы: Астана қаласының нотариустар командасы жеңіп алған жүлделі орындар үшін 28 медаль және 4 кубок алып келді.

Астана қаласының Нотариаттық палатасы 2022 жылғы 29 шілдеде «Rixos President Astana» қонақ үйінде «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылданғанына 25 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс пен кеш өткізді.

Салтанатты жиналыста әділет органдары, соттар, РНП, аумақтық палаталар, нотариус өкілдерінің құттықтау сөздері айтылып, Астана қаласының нотариустары мен палата қызметкерлеріне марапаттар табысталды.

Нотариаттық палатаның құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ақпарат және өтініш берушілерге қабылданған шешімдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабар беру

2022 жылы Астана қаласының Нотариаттық палатасының кеңсесіне барлығы 4785 кіріс хат-хабар келіп түсті. Оның ішінде:

02-19 - Жеке және заңды тұлғалардың Нұрсұлтан қаласы жеке нотариустарының әрекеттеріне өтініштері және олардың орындалуы бойынша құжаттар (анықтамалар, мәліметтер, хат-хабарлар және т. б.) - 1575 хат;

02-20 - Қызметтің негізгі мәселелері бойынша мемлекеттік, сот және тергеу органдарымен, анықтау органы және прокуратурамен, адвокаттармен, сот орындаушыларымен, мекемелермен хат алмасу – 952 хат;

02-21 - Республикалық нотариаттық палатамен және басқа да аумақтық нотариаттық палаталармен және ҚР нотариустарымен қызметтің ұйымдастырушылық мәселелері бойынша хат алмасу – 273 хат;

02-22 - Астана қаласының Әділет департаментімен және басқа да аумақтық әділет органдарымен қызметтің ұйымдастырушылық мәселелері бойынша хат алмасу – 157 хат;

02-05 - Тәртіптік комиссиялар (кеңестер) отырыстарының хаттамалары және олардың құжаттары (шешімдер, түсініктемелер, ұсынымдар және басқа құжаттар) – 356 хат;

04-07 - Астана қаласының жекеше нотариустарымен мұрагерлік істер және өсиеттер бойынша хат алмасу (сауалдар, жауаптар, хабарлама) – 190 хат;

04-08-Астана қаласының нотариустарымен қызметтің ұйымдастырушылық мәселелері бойынша хат алмасу – 1127 хат;

04-04 - Астана қаласының жеке нотариустарында өтіп жатқан тағылымдамадан өтушілердің құжаттары (өтініштер, жеке куәліктің, еңбек кітапшасының, дипломның және қосымшаның көшірмелері, мекенжай анықтамасы, кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ, өмірбаян және т. б.) – 83 хат;

02-06 - Жеке нотариустарға арналған семинар сабақтары отырыстарының хаттамалары (өтінімдер) – 28 хат;

04-14 - Астана қаласының барлық нотариустарына тыйым салу (тыйым салу), мүлікті иеліктен шығару туралы хабарламалар және оларға қоса берілген құжаттар - 44 хат.

Жалпы, есепті кезеңде барлық келіп түскен өтініштер бойынша белгіленген мерзімдерде және қолданыстағы заңнама нормалары шеңберінде тиісті түсініктемелер берілді, қажет болған жағдайда оларды объективті қарау және оларды шешу жөнінде тиісті шаралар қабылданды.

«Тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес азаматтардың өтініштеріне және Астана қаласының Нотариаттық палатасының басқа да құжаттарына жауаптар өтініш жасаған тілде берілді.

Нотариаттық палатаның сайты (<http://notpalata-nursultan.kz/>). – келушіге бұл ұйым, оның қызметі туралы толық ақпарат беретін интернет-портал.

Сайт Нотариаттық қызметтегі жаңалықтармен ғана емес, сонымен қатар Нотариаттық палатаның Жарғысы, Тәртіптік комиссия туралы, Біліктілікті арттыру туралы ережелер, Этика Кодексі және т.б. сияқты маңызды құжаттармен таныса алатын нотариустар үшін де пайдалы. Сонымен қатар, сайтта жеке және

заңды тұлғаларды байланыстыруға арналған функционалдылық бар, онда олар өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, толық жауаптар ала алады. Сондай-ақ барлық өткізілетін және жоспарланған іс-шаралар бойынша ақпарат орналастырылады.

Нотариаттық палата сайт бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде, осылайша «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-1-бабының 12) тармақшасына сәйкес Нотариаттық палата өзінің интернет-ресурсында: нотариаттық палаталар мүшелерінің жаңартылған күйдегі тізімін; Нотариустың әдеп кодексін; нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені; нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы, нотариаттық палатаның басқармасы қабылдаған шешімдерді; нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының жұмысын жинақтап қорытуды; нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті; нотариаттық палатаның қызметі туралы есептерді; нотариаттық палатаның қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Сондай-ақ, Facebook және Instagram сияқты әлеуметтік желілерде де осындай атаумен парақшалар бар, онда Палатаның қызметіне қатысты пайдалы ақпаратты, жаңалықтарды орналастырады.

Сонымен қатар, нотариустардың белгілі бір тақырыптағы мақалалары жалпыға қолжетімді болып табылады, оны Палатаның сайтынан табуға болады. Палатаның барлық мүдделі мүшелері өз мақалаларын кейіннен сайтта орналастыру үшін жібере алады.

Сондай-ақ тұрақты негізде азаматтар мен заңды тұлғалардан келіп түсетін мәселелерді бақылау, оларды кейіннен өңдеу және тиісті жауаптарды жариялау жүргізіледі.

Сондай-ақ, тұрақты негізде азаматтар мен заңды тұлғалардан келіп түскен сұрақтарға мониторинг жүргізіліп, кейіннен оларды өңдеу және тиісті жауаптарды жариялау жүзеге асырылады.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының «Жеке нотариаттық архив» филиалының 2022 жылғы жұмысы туралы

Астана қаласы Нотариаттық палатасының «Жеке нотариаттық архив» филиалы (*бұдан әрі – Жеке нотариаттық архив*) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-1-бабын орындауда, «Ұлттық архивтік қор және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Жеке нотариаттық архив өз қызметінде «Ұлттық архивтік қор және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын, «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 бұйрығымен бекітілген Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау

ережесін, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығымен бекітілген Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережесін және архив ісін реттейтін басқа да актілерді басшылыққа алады.

Жекеше нотариаттық архив **2022 жылы** мынадай жұмыстарды атқарды.

Ағымдағы жылы Жеке нотариаттық архивтің Сараптау комиссиясы нотариаттық қызметті жүргізу үшін Астана қаласының Нотариаттық палатасына мүшелікке кірген жеке нотариустарға Астана қаласының жеке нотариустарының 2022-2026 жылдарға арналған істер номенклатурасын **500 (бес жүз)** көлемінде келісті.

Жеке нотариаттық архивтің Сараптау комиссиясы Астана қаласының жұмыс істеп отырған нотариустарының ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және істің практикалық маңыздылығын жоғалтуына байланысты сақтауға жатпайтын құжаттарын **2637 (екі мың алты жүз отыз жеті)** сақтау бірлігі мөлшерінде жоюға бөлу туралы актілерін келісті.

Есепті кезеңде жұмыс істеп тұрған және Астана қаласы Нотариаттық палатасының мүшелігінен шыққан Астана қаласы нотариустарынан Жеке нотариаттық архив ағымдағы жылдың қаңтар айынан қараша айына дейін **2613 (екі мың алты жүз он үш)** сақтау бірлігі мөлшерінде архивтік нотариаттық құжаттарды қабылдады.

Бүгінгі күні (2013 жылдан бастап 2022 жылғы қарашаға дейін) Жеке нотариаттық архивте **44998 (қырық төрт мың тоғыз жүз тоқсан сегіз)** қалыптасқан істер сақталады, оның ішінде **34344 (отыз төрт мың үш жүз қырық төрт)** іс тоқтатылған және қайтыс болған нотариустардан қабылданды.

2022 жылы **8 (сегіз)** құжат алынды, оның ішінде **5-еуі (бес)** Архивке белгіленген мерзімде қайтарылды, **3 (үш)** құжат сот өндірісінде.

Есепті кезеңде мұрағатта **350** өтініш келіп түсті және қаралды, оның ішінде жеке тұлғалардан – **290** өтініш, заңды тұлғалардан – **11** өтініш, өзге органдардан (*соттар, адвокаттар, құқық қорғау органдары, нотариустар*) **49** өтініш және сұрау салу. Сондай-ақ тиісті архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардан үзінді көшірмелер және мәліметтер берілді.

Астана қаласының Нотариаттық палатасы басқармасының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 7 шешімімен бекітілген баға прејскуранттарына сәйкес 2022 жылғы 25 желтоқсандағы жағдай бойынша Архив жеке және заңды тұлғаларға **3 622 168 (үш миллион алты жүз жиырма екі мың жүз алпыс сегіз)** теңге сомасында архивтік қызметтер (*архивтік анықтамалар және архивтік құжаттардың көшірмелері*) көрсетті.

Нұр-Сұлтан қаласы нотариустарының жалпы жиналысының 2019 жылғы 04 желтоқсандағы №1 шешімімен бекітілген «Нұр-Сұлтан қаласының Нотариаттық палатасының филиалы - «Жеке нотариаттық архив туралы» Ереженің 2.4-тармағына сәйкес Архив Нотариустардың Жалпы жиналысы бекіткен баға прејскурантына сәйкес жеке нотариус пен Архив арасындағы шарт негізінде нотариаттық құжаттарды өңдеу және тігу бойынша қызметтерді ұсынады.

2022 жылы Архив Астана қаласы жеке нотариустарының **1 127 947 (бір миллион жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз қырық жеті)** теңге сомасына

нотариаттық құжаттарды өңдеуге қабылдады және тікті.

МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК ҚОРЫ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР

Материалдық көмек қоры 2018 жылдан бастап, Астана қаласы нотариустарының жалпы жиналысының 14.03.2018 жылғы № 1 шешімі негізінде жұмыс істейді. 01.01.2022 жылдан бастап 01.11.2022 жылға дейінгі кезеңде **22** өтініш бойынша көмек көрсетілді, оның ішінде нотариустың қайтыс болуы бойынша **2**, жақындарының қайтыс болуы бойынша **11**, нотариустың (балаларының) ауруы бойынша **3**, балалардың тууы бойынша **8**.

МКҚ комиссиясы нотариустың (*Ж.Ж.Алиева*) **1** өтініші қанағаттандырылмады, себебі материалдық көмек Ереженің 1.8.2-тармағына сәйкес көрсетіледі (*1-кезектегі мұрагерлер бойынша нотариустардың жақын туыстары қайтыс болған жағдайда*).

2022 жылдың 11 айында нотариустарға жалпы сомасы **1 780 000** теңгеге материалдық көмек көрсетілді.

Жұмыс істеп тұрған **768** нотариустың ішінен жыл сайын кейбір нотариустар МКҚ-ға жарналарды аудармайды.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының «Электрондық нотариус» ААЖ жұмысы туралы ақпарат

Нотариаттық палатаның азаматтар мен заңды тұлғалардың сұрауларына жауап дайындау үшін Астана қ. НП мұрагерлік істер өсиеттерінің компьютерлік дерекқорында қамтылған мәліметтерді беру жөніндегі функцияны жүзеге асыру; нотариустардан, азаматтардан, соттардан түскен, сондай-ақ ауызша сұрау салуларға жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу және алып тастау туралы базаға деректерді енгізудің дұрыстығын бақылау қатысты жұмысын және басқа да ұйымдардың, жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу (архивтеу) туралы жинақтау, есепке алу және қалыптастыру; сондай-ақ Астана қаласының нотариустары жүргізген мұрагерлік істер мен куәландырылған өсиеттердің (архивтеу) деректер базасын жинақтау, есепке алу және қалыптастыру, өсиеттерде белгі қою бойынша жұмыстарын атап өткен жөн.

Жалпы жиналыстың 04.12.2019 жылғы № 1 шешімімен бекітілген Астана қаласы Нотариаттық палатасы Жарғысының (*бұдан әрі – Жарғы*) 5.2.17-тармағына сәйкес Палата мүшелерінің интернет, БНАЖ бағдарламасы және «Электрондық нотариус Палатамен» ААЖ модемдік байланысы болуы міндетті. Көрсетілген мерзімдерде Нотариаттық палатаның барлық сауалдары мен хаттарына уақтылы жауап беру, БНАЖ-ға мұрагерлік істерді енгізуі тиіс.

Модем байланысы ақпаратты сақтау және өсиеттер, мұрагерлік істер және ауыртпалықтар (тыйым салулар) бойынша деректер базасына қолжетімділік үшін қажет.

Нотариустар мұрагерлік істер мен өсиеттер бойынша ақпаратты «Электрондық нотариус» ААЖ-ға нотариус енгізуге міндетті, осы мәліметтерді нотариус Базаға енгізгенге дейін нотариустардың ешқайсысы мұрагерлік іс аспаған және өсиет куәландырылмаған деп есептеледі.

Жарғының 5.2.5-тармағына сәйкес «Палатаның жазбаша өтініштеріне нотариустар Палатаның атына қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және мерзімдерде жазбаша жауаптар жіберуге міндетті».

Нотариустар жарты жылда бір рет 25-ші күніне дейін жан-жақты тексеру туралы есепті, жүргізілген мұрагерлік істер және куәландырылған өсиеттер туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

2022 жылдың 1 жартыжылдығында 743 нотариустың – 339 нотариус есеп ұсынды, 404 нотариус есепті тапсырған жоқ.

Астана қаласы Нотариаттық палатасы Басқарма отырысының 13.08.2013 ж. №12 шешімімен Астана қаласы нотариустарының нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағидаларының 11-тарауының 133-тармағын «Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру» қолдану мәселесі қаралды, оған сәйкес нотариус міндетті:

Нотариаттық Палатадан өсиеттің болуы туралы сұрау салуға жауап алғаннан кейін мұрагерлік істі ашқан нотариус азаматтарды өсиетке белгі қою үшін Нотариаттық палатаның жауабын қоса бере отырып, өсиетті куәландырған нотариусқа жібереді.

Осыған байланысты, азаматтарды өсиетке тек **№ 1,2,3,4,5 ГНК куәландырылған өсиеттері бойынша және нотариаттық қызметін тоқтатқан нотариустарға ғана** белгі қою үшін нотариаттық палатаға жіберуді ұсынамыз.

2022 жылы өсиеттерге 50 белгі қойылды.

Жеке сот орындаушыларымен жұмыс тұрақты түрде жүзеге асырылады. Сонымен, олардың қаулыларына сәйкес ААЖ-да белгіленген ауыртпалықтар алынып тасталады.

2022 жылы 595 тыйым қабылданып, пысықталды.

Тыйым салуды алып тастау жөніндегі хат-хабарлар жеке сот орындаушыларынан ғана емес, сонымен қатар прокуратурадан, РНП-дан да келіп түседі.

2022 жылы 296-дан астам хабарлама, ААЖ-ға 110 сұрау салу орналастырылды.

Нотариаттық палата нотариустардың атына жіберетін сұрау салулар бойынша нотариустардың жалпы санынан (743) тек 220-240 нотариус кері байланыс жасайды.

Пайыздық қатынаста жағдай келесідей. Егер «Электронды нотариус» ААЖ-ға «Кері байланыс» модулін қосқан сәттен бастап нотариустардың 30-40%-ы сұрауға жауап берсе, қазір белсенділік 25-30% - ға дейін төмендеп кетті.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының РНП-ға жіберген 2023 жылға арналған ұсыныстары

1. Нотариаттың институт ретінде құрылуы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын құқықтық регламенттеуді көздейтін және нотариаттық іс-әрекеттер жасау рәсімдерін қамтитын 2 бөлімнен тұратын «Қазақстан Республикасындағы нотариат және нотариаттық қызмет туралы» жаңа заң жобасын әзірлеу. Нотариаттық іс-әрекет жасау азаматтың құқықтарына әсер ететіндіктен, олардың тәртібін заңнамалық тұрғыдан бекіту заңнамадағы осыған қатысты олқылықты жояды деп ойлаймыз;

2. РНП жанындағы нотариаттық зерттеулер орталығын құру, оның негізгі мақсаты заңнамалық базаны дамыту және жетілдіру және бірыңғай құқық қолдану нотариаттық практикасының әдіснамасын әзірлеу мәселелері болады;

3. Халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру және Заңға құрмет көрсету мәселелерін шешуге арналған құқықтық мәдениетті дамыту қорын құру (адвокаттарды, жоғары заң оқу орындарының студенттерін тартуға болады);

4. Жол полициясы, көші-қон полициясы, әлеуметтік қамсыздандыру, прокуратура және т. б. жүйелері сияқты Мемлекеттік және ведомстволық ақпараттық дерекқорлардың мүмкіндіктерін неғұрлым кеңейтілген пайдалану үшін БНАЖ-ның қолданыстағы нотариаттық ақпараттық жүйесін жетілдіруге арналған инновациялар және ақпараттық технологиялар орталығын құру немесе мүмкіндіктерді неғұрлым кеңейтілген пайдалану үшін БНАЖ-дың қолданыстағы нотариаттық ақпараттық жүйесін жетілдіру үшін РНП жанынан бағдарламашылар штатын ұлғайту.

5. нотариустардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету және нотариаттық іс-әрекеттер туралы уақтылы және дәйекті есептілікті қалыптастыру үшін құрылған Е-нотариат ақпараттық жүйесінің бірыңғай нотариаттық жүйесін жетілдіру және жаңғырту мақсатында мынадай тізбелерге электрондық тізілімге қол жеткізу үшін БНАЖ мен ҚМА порталын интеграциялауды сұраймыз:

□ уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында орналастыратын және оны тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға электрондық түрде жіберетін терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі.

□ өзінің интернет-ресурсында орналастыратын және оны тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға электрондық түрде жіберетін жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі.

□ ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткіліксіз деңгейде орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін уәкілетті орган ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) шығаратын құжаттарды ескере отырып жасайды, ол өзінің интернет-ресурсында орналастырылады.

□ клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің жария лауазымды адамға, оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына тиесілігін және (немесе) қатыстылығын тексеруді жүзеге асыру;

□ ҚКЗ/ТҚ заңнамасына сәйкес БНАЖ-да клиенттің электрондық құжаттамасын әзірлеу;

□ ҚКЗ/ТҚ заңнамасына тұжырымдама әзірлеу, өйткені Заңда нотариустарға ФАТФ халықаралық ұсынымдарына сәйкес келмейтін талаптар қойылады, яғни Заңның 50% нотариустар үшін орындауға келмейді;

□ Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының 2022 жылғы 24 ақпандағы № 15 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 24 ақпандағы № 152 «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 ақпанда № 26963 болып тіркелген) «Нотариустар үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға

(жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекіту туралы» бірлескен бұйрығы қайта қарау және қайта өңдеу, көптеген тармақтар заңға қайшы келетіндіктен, сондай-ақ нотариустардың бұл талаптарды қолдануы мүмкін емес.

□ болашақта ФМ-1-ді БНАЖ арқылы ҚМА-ға беруді интеграциялау;

6. елорда нотариустары қағаз және электронды түрде нотариаттық архив жүргізе отырып, бір жұмысты екі рет орындайтындығы туралы мәселені әрдайым көтереді. Архивті цифрландыру және кейіннен қағаз жеткізгіштерді жою мәселесін көтеріп, тек электронды форматта сақтауға Заңға және Архивтік құжаттарды сақтау қағидаларына өзгертулер енгізуге бастамашылық етуіңізді сұраймыз.

7. халық есебінен ақылы репозиторийді заңнамалық деңгейде шешу;

8. жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, саяжайларды, гараждарды, құрылыстарды және өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландыру мәселесі бойынша Салық кодексінің 611-бабы мен 30-1-бабын назардан тыс қалдырмауға – егер мәміле жылжымайтын мүлікті ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша алынған қаражат есебінен сатып алу мақсатында жасалса-2 АЕК;

9. Астана қаласының нотариустары «Нотариат туралы» ҚР Заңының 30-1-бабын 22-2) тармақшамен толықтыруды ұсынады: нотариаттық актіні дәлелдемелерді қамтамасыз ету түрінде жасаған кезде

жеке тұлғалар үшін - 5 айлық есептік көрсеткіш, сондай-ақ хаттамаға қосымшалардың әрбір беті үшін 0,05 айлық есептік көрсеткіш;

заңды тұлғалар үшін - 7 айлық есептік көрсеткіш, сондай-ақ хаттамаға қосымшалардың әрбір беті үшін 0,07 айлық есептік көрсеткіш.

Төлем нотариустың жұмсалған ресурстарына сәйкес болуы керек, өйткені нотариаттық іс-әрекеттің бұл түрі ұзақ, көп сағаттық еңбек пен материалдық шығындарды қажет етеді. Мысалы, интернет-сайтты, электрондық почтаны немесе скриншот жасай отырып, телефондағы ақпаратты қарау бірнеше сағатты алуы мүмкін, хаттама жасау бірнеше сағатты алады, нәтижесінде бір әрекетті орындау бір жұмыс күнін алуы мүмкін, ал егер қосымшалардың беттері көп болса, онда бірнеше қағаз пакеттері жұмсалады, картриджді бірнеше рет ауыстырады. Қазіргі уақытта бұл әрекет үшін тариф Салық Кодексі бойынша 0,2 АЕК, «Нотариат туралы» ҚР Заңы бойынша 7 АЕК құрайды, нәтижесінде 7,2 АЕК құрайды. Бұл сома нотариус жұмсайтын ресурстарды қамтымайды, осыған байланысты нотариус бұл әрекетті жасауға мүдделі емес, өйткені ол осы әрекетпен бірнеше сағат жұмыс істегендіктен кірістен де айырылады және келушілерді жоғалтады, сондай-ақ өз жұмысы үшін пропорционалды кіріс алмайды.

10. Сондай-ақ, мұраға құқық туралы куәліктерді бергені үшін ақы алуды көтеру – әрбір берілген куәлік үшін 7 айлық есептік көрсеткіш;

11. Төлем алуды қарастыру:

егер нотариус тиісті тілдерді меңгерсе, бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын куәландыру кезінде – 1 айлық есептік көрсеткіш;

атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы беру кезінде - 5 айлық есептік көрсеткіш. (атқарушылық жазбалар берілген жағдайда, басқа нотариус оның жасалған атқарушылық жазбаларымен – тегін жұмыс істейді)

мұраға құқық туралы куәлік беруден бас тарту туралы қаулы беру кезінде- 5 айлық есептік көрсеткіш.

12. қоғамдастықтың ішкі қызметінде қолданылатын нормативтік актілерге олардың заңнамаға және әкімшілік рәсімдерге сәйкестігі мәніне қойылатын талаптарды қатаңдату;

13. заңнамада архивтік құжаттардың сақталуы үшін нотариусқа жауапкершілік жүктейтін нормаларды қарастыру және оларды ұлттық архив туралы заңнамаға сәйкес келтіру;

14. Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Нотариат туралы» ҚР Заңының нормаларына қайшы келетін, нотариустардың еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы беру құқығын бұзуы туралы ҚР Конституциялық сотына Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағы бойынша жүгіну мәселесін қарау немесе азаматтардың жекелеген санаттарына білікті заң көмегін тегін көрсету үшін нотариустарға өтемақы қарастыру;

15. Процестік кодекстерінде және Нотариат туралы заңда нотариалды ресімделген құжаттардың заңдылығы мен дұрыстығы презумпциясын бекіту;

16. Нотариат туралы заңда нотариустың неке-отбасы, мұрагерлік, тұрғын үй қатынастары саласындағы медиативтік қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерін нақты қалыптастыру қажет.

17. Жасалған атқарушылық жазбалар бойынша ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы азаматтарды электрондық хабарламаға көшу жөніндегі Нотариат туралы заңға норма енгізу. БНАЖ жеке тұлғалардың нөмірлеріне қолжетімділігі болуы тиіс, Қазақстанның ұялы операторларымен интеграциялануы тиіс.

18. жойылған нотариаттық іс-әрекеттер бойынша сот шешімдерін жинақтау;

19. нотариустарға қатысты шығарылған соттардың жеке ұйғарымдарын жинақтау;

20. «Өсиеттерді куәландыру, нотариустың құпия өсиетті қабылдауы, құпия өсиетті ашу және жария ету бойынша»; «Нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде тариф пен төлемді есептеу бойынша»; «Ортақ бірлескен меншік құқығында мүлкі бар ерлі-зайыптылардың және өзге де адамдардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер беру тәртібі туралы», «Сенімхаттарды куәландыру бойынша» тақырыптары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

21. заңнаманың өзгеруіне байланысты: «Құжаттардың көшірмелері мен олардың көшірмелерінің дұрыстығын куәландыру, сондай-ақ өтініштердегі қолтаңбаның түпнұсқалығын куәландыру бойынша» қолданыстағы әдістемелік ұсынымдарға толықтырулар енгізу;

22. Нотариат туралы заңнаманы: «Нотариат туралы» Заңды, Нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағидаларын, Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаларды, Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу қағидаларын құқықтық талдау;

23. БНАЖ мемлекеттік тілде жұмыс жасау;
24. АНП мен РНП кеңсе жұмысын мемлекеттік тілде де (орыс тілі деңгейінде) жүргізсін, АНП мен РНП жұмыс отырыстарында хаттамалар (протоколдар) мемлекеттік тілде жазу;
25. Семинарлар мен вебинарлар мемлекеттік тілде (орыс тілі деңгейінде) өткізу, мемлекеттік тілді спикерлер дайындауды қолға алу,
26. ҚМА мен БНАЖ бойынша интеграция жасау;
27. Болашақ нотариустар (стажер) халыққа қызмет көрсетеді, сондықтан мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтайтын емтихан тапсыру, жобалары мемлекеттік тілде жасау және тапсыру, құжаттарын Әділет департаменті мен АНП-на мемлекеттік тілде тапсыру;
28. Басқа ұйымдардан сұраулар мемлекеттік тілде келу;
29. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттері міндетті түрде мемлекеттік тілде орындалу, егер тұтынушы орыс тілінде сұраса екі тілде қызмет көрсету, егер тұтынушы мемлекеттік тілде сұраса тек мемлекеттік тілде қызмет көрсету;
30. Барлық өңірлерде нотариаттық іс-әрекеттер бойынша біркелкі тәжірибе болуы қажет, шарттарды тіркеуге жібергенде бір тәртіп болуы керек, тіркеу органдарына шарттардың мемлекеттік тілде жіберілуін талап ету;
31. Мемлекеттік тілді нотариатта қолдану туралы семинарлар өткізу, (Заңнамадағы терминдерді қолдану туралы).

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану.

Астана қаласының Нотариаттық палатасы уәкілетті орган жинақтау нысаны мен мерзімдерін ұсынбаған деп есептейді, осыған байланысты Палатаның өкілеттіктерінде көрсетілген жинақтау нысанын және ұсыну мерзімдерін анықтау үшін ҚМА-ға жүгінуіңізді сұраймыз.